

## 1-қосымша

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу.

### Бұйрық

№ \_\_\_\_\_  
2023 ж. « \_\_\_\_\_ »

### Приказ

№ \_\_\_\_\_  
от « \_\_\_\_\_ »

### Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру туралы (бұйрықтың/хаттың нөмірі, күні) негізінде

### БҰЙЫРАМЫН:

2023-2024 оқу жылында мектепте «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша қызмет ұйымдастырылсын.

1. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
  - мектеп директоры: Бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап, бақылауды жүзеге асырады;
  - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырады және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындайды; Бағдарлама бойынша сабақтар өткізуге педагогтерді даярлайды; педагогтерге білім беру курстарын бекітеді; «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырады; педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, Бағдарламаны БАҚ және әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етеді; қаланың (ауданның) білім бөлімі үшін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат дайындайды;

- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарақтандыруды жүзеге асырады, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауап береді;
  - мектеп кітапханашысы: педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етеді.
2. «Даналық мектебі» клубы мен Бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықталып, жұмыс тобы бекітілсін.
  3. 2023-2024 оқу жылына арналған «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасына түзетулер енгізіліп, *(ата-аналарды оқыту бағдарламасының тақырыбын таңдау және әзірлеу, сапалы мазмұн жасау және оларды мектептің педагогикалық кеңесінде бекіту мүмкіндігі)* бекітілсін.
  4. «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, Мектептің тәрбие жұмысының жоспарына Бағдарламаны іске асыру қосылсын.
  5. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_ ТАӘ \_ \_ \_ \_ Мектепшілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізісін.
  6. Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_ ТАӘ \_ \_ \_ ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асырсын.
  7. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізісін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін жарияласын.
  8. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартсын.

9 Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

қолы

Қолтаңбаның толық жазылуы

Таныстырылды:

**2- қосымша**

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу

Мектепшілік бақылау жоспары (6, 7- тарауларға келесі тармақтарды қосу)

№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
VI. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау										
1.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру	Ұйымның ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру бойынша қызметін ұйымдастыру жағдайы	Жобалық топ	Жеке	1. Бақылау жоспарын бекіту; 2. Ата-аналардан алынған сауалнамалардың талдауы; 3. Сабақ өтетін кабинеттердің жағдайы, техникалық жабдықталуы 4. Ата-аналардың сабақтарға қатысуы	қазан	Директор орынбасарлары	Педагогикалық кеңес	Бұйрық	

					жағдайы					
2.	Педагогтердің Бағдарламаны оқыту жағдайы	Сабақ мазмұнының сапасы	Жобалық топ	Жеке	1. Мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы 2. Педагогтердің сабақтарға әдістемелік дайындығының деңгейі	желтоқсан	Мектеп директорының тәрбиі ісі жөніндегі орынбасары	Педагогикалық кеңес	Хаттама, педагогикалық кеңес шешімі	
VII. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау										
	Білім алушылардың ата-аналарының қатысуымен өтетін жиналыстар мен шараларды өткізу сапасы	Сабақ мазмұнының сапасы; Ата-аналардың мектеп шараларына қатысуы;	Сынып жетекшілері	Жеке	1. Мектеп әкімшілігінің ата-аналар жиналыстарына қатысуы; 2. Сынып жетекшілердің ата-аналар жиналыстарына әдістемелік дайындық деңгейі 3. Әр түрлі деңгейдегі ата-аналармен өткізілетін шаралардың сапасы 4. Ата-аналардың сабаққа қатысуы (пайыздық қатынас)	Сәуір	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Педагогикалық кеңес	Педагогикалық кеңес шешімі	

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу

\_\_\_\_\_ **ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ** (жаңа бағыт енгізу)

**Бағыт: Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі**

**Мақсаты: Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттыру үшін мектептің күш-жігерін ата-аналар қоғамымен біріктіру**

**Міндеттері:**

1. Ата-аналарға бала тәрбиесінің өзекті мәселелері мен сұрақтары бойынша білім беру;
2. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру;
3. Отбасылық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністік пен сенімді қалыптастыру.

№	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1.	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру бойынша ата-аналармен бағдар беру кездесуін өткізу			қыркүйек
2.	Мектепте: - «Аталар мектебі»; - «Әжелер мектебі»; - «Аға мектебі»; -«Жеңге мектебі» бағыттарымен «Даналық мектебі» клубын құру	Жалпы мектеп жиналысы		қыркүйек
3.	«Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу:	Аталар қауымдастығын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі	қазан

	- Аталар мектебі «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»	құру	орынбасары, сынып жетекшілері	
4.	«Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу: - Әжелер: «Бесік жыры – бар тәлімнің бастауы»	Әжелер қауымдастығын құру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қазан
5.	«Аға мектебі» сабақтарын өткізу - «Ағасы бардың – жағасы бар»	Ағалар қауымдастығын құру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қазан
6.	«Жеңге мектебі» сабақтарын өткізу - «Қыз–қылығымен көркем»	Жеңгелер қауымдастығын құру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қазан
7	«Ата мектебі» сабақтарын өткізу - «Ата кәсіп – берекенің бастауы	Мектеп оқушылары үшін қолөнер көрмесін ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қараша
8	«Әжелер мектебі» сабақтарын өткізу – «Әжем үйреткен...» әжелер шеберлік сыныбы (тамақ әзірлеу, тігін тігу мен тоқыма т.б.)	Қыздардың қатысуымен жалпы мектептік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қараша
9	«Жеңге мектебі» сабақтарын өткізу - «Қыздар білуге тиіс... (тұрмыстық қажеттіліктер)	Жоғары сынып оқушыларымен викториналық байқау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қараша
10	«Аға мектебі» сабақтарын өткізу - «Жақсылық жасап жарысайық	Ағалар мен мектептің жоғары сынып оқушыларының	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	қараша

		жарысы		
11	«Даналық мектебі» клубының қатысуымен жаңа жылдық шараларды өткізу	Іс-шараларды өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	желтоқсан
12	Аталар, әжелер мен балалардың туысқандарының қатысуымен бірлескен байқау, жетістіктер көрмесін ұйымдастыру	Жалпы мектепшілік іс-шараны өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	қараша
13	«Даналық мектебі» клубының қатысуымен «Наурыз» мейрамын өткізу	Жалпы мектепшілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	наурыз
14	«Әжелер мектебі», «Жеңге мектебі» мүшелерінің қатысуымен «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесін өткізу	«Отбасылық хобби» көрмесі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	наурыз
15	«Аталарға - тағзым!» мерекелік шарасын, «Жеңіс үшін рақмет!» челленджін өткізу	Мектептік іс-шара, «Аталар мектебі» клубының мүшелерімен челленджді аяқтау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Сәуір
16	Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шара өткізу	Мектептік іс-шара (шеберлер қалашығы, шығармашылық және қолөнер көрмесі)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	мамыр

### Функционалды міндеттерге толықтырулар енгізу:

✓ **Мектеп директоры:**

1. «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;
2. Бағдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық тұрғыда қолдауды қамтамасыз етеді.
3. Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады.
4. Ата-аналарға арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан ұйымдастырады.

✓ **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:**

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындайды және Бағдарламаны іске асыру қызметін ұйымдастырады;
2. Педагогтердің Бағдарлама бойынша сабақ өткізуге дайындығын жүзеге асырады;
3. Педагогтер арасында білім беру курсының сабақтарын реттейді;
4. «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырады;
5. Сабақтардың кестесін құрады және реттейді;
6. Мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз етеді;
7. Бағдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насихаттайды;
8. Бағдарламаны іске асыру қызметі туралы ақпараттарды қалалық (аудандық) білім бөлімдеріне дайындайды;
9. Бағдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды.
10. Ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды ұйымдастырады.

✓ **Мектептің әлеуметтік педагогі:**

1. Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер және ата-аналармен ынтымақтастықты орнатады.
2. әлеуметтік серіктестердің қатысуына ықпал етеді және бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін шағын учаскеде, қоғамда насихаттайды.

✓ **Мектептің педагог-психологі**

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді.



2. Бағдарлама бойынша сабақтар өткізу үшін тренингтер, work-shop, коучинг сессияларын және басқа да нысандарды өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді.

✓ **Мектептің сынып жетекшісі**

1. Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды қатыстыруды қамтамасыз етеді.

2. Бағдарламаны іске асыру үшін ата-аналармен ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

3. Іс-шаралардың бекітілген жоспар мен сабақ кестесіне сәйкес өтуін қамтамасыз етеді.

## 5-қосымша

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу

**Сынып жетекшінің \_\_\_\_\_ оқу жылына жұмыс жоспары**  
**(Ата-аналарды педагогикалық қолдауды іске асыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағытын енгізу)**

<b>Бағдарламаны іске асыру қызметін ұйымдастыру негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі</b>			
<b>№</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Орындау мерзімдері</b>	<b>Аяқталу нысандары</b>
1.	Бағдарлама бойынша сабақтарға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру	Оқу жылы ішінде	Жұмыс жоспары
2.	«Даналық мектебі» клубына қатысушыларды тарту мақсатында сынып паспортын қалыптастыру (білім алушының атасы мен әжесі, ағалары мен жеңгелі туралы ақпаратты қоса алғанда )	Қыркүйек	Сынып паспортын бекіту
3.	Ата-аналар немесе баланың басқа да заңды өкілдерін «Бағдарламаны іске асыру қызметіне тарту бойынша жұмысты жандандыру	Оқу жылы ішінде	Ата-аналар жиналысының хаттамалары
4.	Сыныптағы мінез-құлыққа, үлгерімге, тұлғааралық қатынастарға өзгерістер динамикасын енгізу мақсатында білім алушыларды бақылау журналын жүргізу	Үнемі	Журнал

**6-қосымша**

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу

**Педагог-психологтің \_\_\_\_\_ оқу жылына арналған жұмыс жоспары (5-тарауды келесі тармақтармен толықтыру)**

**Мақсаты:** Позитивті тұлғааралық қатынастардың қалыптасуына жағдай жасау, топтық криминогендік факторлардың қаупін азайту

**Міндеті:** Психологиялық қолдауды қажет ететін білім алушылар мен ата-аналардың мамандардан (психотерапевт, нарколог) жеке кеңес алуын ұйымдастыру

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысананалы топ	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалуы
1	Диалогтік алаң (кедергісіз қатынас)	Бала мен ата-ана қарым-қатынасын, педагогтер, ата-аналар мен білім алушылар қарым-қатынасын үйлестіру	Жоғары сынып оқушылары, ата-аналар мен педагогтер		Видео-фрагмент, іс-шараға шолу	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог	Қатысушылар тізімі, қатысушылардың кері байланыс парағы
2	Тренингтер	1. Ата-аналар мен балалар арасындағы коммуникативті дағдыларын дамыту 2. Мектеп қауымдастығында жағымды әлеуметтік-психологиялық	Білім алушылардың ата-аналары		Спикермен бекітілген ренингтің қысқа есебі,	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог	Қатысушылар тізімі, қатысушылардың кері байланыс парағы

		климатын қалыптастыру 3. Балалардың ақпараттық, психологиялық және эмоционалды қауіпсіздігін қамтамасыз ету					
--	--	--	--	--	--	--	--

**7-қосымша**

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 жаңа редакцияда) толықтырулар енгізу

**Әлеуметтік педогогтің \_\_\_\_\_ оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

*(5-тарауды келесі тармақтармен толықтыру)*

<b>Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру бойынша қызметті ұйымдастыру</b>				
<b>№</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>Орындау мерзімдері</b>	<b>Жауаптылар</b>	<b>Есеп беру нысандары</b>
1	Білім алушылардың әлеуметтік мәртебесін анықтау	қыркүйек		Ақпарат
2	«Даналық мектебі» клубының мүшелеріне мектеп ата-аналары туралы ақпарат беру	қыркүйек		Ақпарат
3	Мектептің қажеттіліктері бойынша таңдалған Бағдарлама сабақтарының мазмұнын әзірлеу бойынша педагогтерге кеңес беру	оқу жылы бойы		Ақпарат
4	Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру және шағын учаскеде, қоғамда Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін насихаттау	оқу жылы бойы		Ақпарат

